

**Көкпекті аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 48-5/5 "Көкпекті ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Абай облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 23-13/3 шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 16 қаңтарда № 413-18 болып тіркелді

Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Көкпекті аудандық мәслихатының "Көкпекті ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі № 48-5/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7385 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Көкпекті ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына көрсетілетін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардан өтініштерін талап етпей, бюджет қаражаты есебінен 12 (он екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік қолдау бекітілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т. Сарманов*